

2021-2022 оқу жылына оқушыларды қабылдау

I. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі келесі мамандықтар бойынша 2021-2022 оқу жылына 1-ші сыныпқа оқушыларды қабылдау бойынша конкурс жариялайды::

- арнайы фортепиано
- скрипка, альт
- виолончель, контрабас, арфа
- ұрмалы және үрлемелі аспаптар (флейта, гобой, кларнет, фагот, саксофон, валторна, труба, тромбон, туба және ұрмалы аспаптар)
- халық аспаптары (домбыра, кобыз-прима, қыл-кобыз, баян, домра-прима, шертер)

II. 1 сыныпқа түсу конкурсына мамандандырылған музыкалық мектепте оқу үшін музыкалық қабілеттері айқын көрінетін, мектепалды даярлықтан өткен 6-7 жастағы балалар жіберіледі.

Конкурс 3 турда өткізіледі:

- I тур – табиғи музыкалық қабілеттерін анықтауға тестілеу (*есту қабілетін, ырғағын, музыкалық жадын, интонациясын және т.б. тексеру*);
- II тур – үміткерлердің музыкалық қабілеттерін неғұрлым терең диагностикалау және бағалау (*күрделендірілген ырғақты топтармен 4 және одан да көп такттан тұратын әуендердің үзінділерін қайталау, және т.б.*), дайындығы бар балалар үшін аспаптарда бірнеше пьеса орындау;
- III тур – музыкаға дарынды балаларға арналған мектепте білім алуға балалардың психологиялық дайындығына тестілеу (*Жеке тұлғалық дайындығы – мотивациялық саласының, эмоциялық тұрақтылығының дамуы; Зияткерлік дайындығы – жалпы ой-өрісі, сөздік қоры, ауызекі сөйлеу тілі, ұсақ моториканы игеруі, танымдық процесстерінің дамуы (зейін, жад, ойлау, қиялдау, ақпаратты талдау, қорыту, жіктеу, қорытынды шығару икемі); Әлеуметтік-психологиялық дайындығы – баланың басқа балалармен қолайлы өзара қатынас орнатуға икемі, бірлесіп жұмыс істеуге, жол беруге, тыңдауға және қоғамдық тәртіп нормаларын сақтауға икемі*).

Мектеп туралы ережеге сәйкес 3 турдан өткен және 3 турдың қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған конкурсанттар 1-ші сыныпқа қабылданады. Аспаптар бойынша бөлу құқығы қабылдау комиссиясына беріледі. Оқыту тілін таңдау – ата-аналардың (заңды өкілдердің) құқығында.

Оқыту **қазақ тілінде** және **орыс тілінде** жүргізіледі. Оқу мерзімі – 12 жыл. Қазақстанның шалғай облыстары мен аудандарынан оқуға түскен оқушылар тұрақты мекенжайы электронды үкімет (e-gov) порталы арқылы расталған жағдайда мектеп жанындағы интернатқа қабылданады. Мекенжайды растау скриншоты өтініш берген кезде құжаттарға қоса беріледі.

III. 1 сыныпқа түсу конкурсына құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 сәуірі мен 25 мамыры аралығында, электрондық форматта (сканерленген түрде) baysa-priem@mail.ru электрондық мекенжайына жіберу арқылы жүргізіледі.

IV. 1 сыныпқа түсу үшін тапсырылатын құжаттар:

- баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілдерінен өтініш (қосымша №1);
- үміткердің ЖСН көрсетілген туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- үміткердің 3x4 көлеміндегі 2 дана фотосуреті;
- медициналық құжаттардың көшірлемелері: денсаулық паспорты, жеке медициналық карта (№ 26 н.), профилактикалық екпелер картасы (№ 63 н.);
- үміткердің оқу орнынан ұйымның мөрімен расталған анықтама (бос орындарға түсушілер үшін);
- электрондық үкімет порталы (e-gov) арқылы алынған, тұрғылықты жерін растайтын құжат: өтініш берген күні тіркелген тұрғылықты мекенжайы туралы скриншот (мектеп жанындағы интернатқа мұқтаждар үшін).

V. 1-сыныпқа қабылдау емтихандарын өткізу мерзімдері:

- **1 тур 26 мамыр - 09.30** – тыңдалым
- **2 тур 28 мамыр - 09.30** – тыңдалым
- **3 тур 31 мамыр - 09.30** – психологиялық тест
- **2 маусым - 10.00** – қабылдау комиссиясының отырысы, 1-сыныпқа қабылдау
- **2 маусым - 11.00** – оқуға түскен оқушылардың ата-аналарымен жиналыс

Апелляцияға беру – тыңдалым өткен күннен кейінгі келесі жұмыс күні сағат 13.00-ден кешіктірілмей baysa-priem@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі

Біздің мекенжайымыз: 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 304
Анықтама үшін телефон: 8 (727) 394-94-60

Білім алушыларды қабылдау ережелерімен мына сілтеме бойынша мектеп сайтында толығырақ танысуға болады: <http://baiseitovaschool.kz/ru/dopolnitelnyj-priem-uchashchikhsya-na-2020-2021-uchebnyj-god/288-polozhenie-o-prieme-obuchayushchikhsya-2.html>.

Эпидемиологиялық жағдайға байланысты хабарландыруда көрсетілген мерзімдер және конкурстық іріктеуді өткізу түрі (онлайн немесе офлайн) өзгертілуі мүмкін.

Ата-аналардың (немесе өзге де заңды өкілдердің) назарына !!!

Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында санитарлық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтау қажет:

- кез келген аурудың белгілері бар үміткерді әкелмеу;
- үміткерді маскамен қамтамасыз ету қажет (маскасыз бала тыңдалымға жіберілмейді);
- үміткерді конкурстық турға кешіктірмей алып келу және тыңдалым аяқталуымен бірден алып кету

ӘКІМШІЛІК

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға
арналған РММОМИ» РММ директоры

Б.Т. Абдрашевқа

ата-анадан/заңды өкілден

Т.А.Ж. _____

Жеке куәлігінің № _____

Берілді (кім және қашан) _____

Тіркелген тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

Нақты тұратын мекен-жайы _____

Телефон _____

ӨТІНІШ

Менің баламды _____,
(баланың аты-жөні толық)

« _____ » _____ жылы туған, ҚР Мәдениет және спорт
министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ-де _____ сыныпта оқу үшін _____
(мамандық көрсету)

мамандығы бойынша конкурстық іріктеуге жіберуді сұраймын.

Оқыту тілі: қазақша/орысша

Интернатта жататын орын _____
(керек, керек емес)

Қолы _____

Күні _____